*Май ауданының білім беру бөлімі*
*«Май ауданының психологиялық – педагогикалық түзету кабинеті» КММ*

# «ҮЗДІК ӘЛЕУМЕТТІК ҰСТАЗ - 2015» ОБЛЫСТЫҚ КОНКУРСЫ



*«Мұғалімдік мамандық – бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым-шытырығы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер – ол даналықты жүректен ұға білу болып табылады.»*

*В.А.Сухомлинский*

Павлодар облысы

Май ауданы

«Май ауданының психологиялық – педагогикалық түзету кабинеті» коммуналдық мемлекеттік мекемесі



# Психологиялық – педагогикалық түзету кабинетінің мақсаты:

Мінез құлқында, қарым-қатынаста, оқуда, сөйлеу, есту, көру, тірек-қимыл аппаратында ауытқушылықтары бар балалар мен жасөспірімдерге жүйелі психологиялық – педагогикалық қолдауды психологиялық түзету және оңалту түрінде көрсету болып табылады.

***Түзету – дамытушылық оқыту процесін 5 маман жүзеге асырады:***

**ПЕДАГОГ – ПСИХОЛОГ**

**ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГ**

**МҰҒАЛІМ – ЛОГОПЕД**

**МҰҒАЛІМ - ДЕФЕКТОЛОГ**

**ЕМДІК ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ НҰСҚАУШЫСЫ**

# Кабинеттің жұмыс бағыттары:

**Психологиялық**

**<u>Мақсаты:</u>**
**Баланың психикалық дамуын жетілдіру, әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ету, танымдық процестерін дамыту.**

**Әлеуметтік – тұрмыстық бағдарлау**

**<u>Мақсаты:</u>**
**Балаларды әлеуметтік – тұрмыстық жағдайға бейімдеу, өзіне-өзі қызмет көрсетуге үйрету.**

**Педагогикалық**

**<u>Мақсаты:</u>**
**Мүмкіндігі шектеулі балалардың интеллектуалды қабілеттерінің дамуына жағдай жасау, қоршаған ортада еркін сезінуіне көмектесу.**

# Түзету –дамытушылық оқытумен қамтылған балалар



# Түзету-дамытушылық сабақтар





| | |
|---|---|
| *Қуанышев Рустам*<br>*Ауыр ақыл – ой кемістігі,*<br>*«Сиқырлы қапшық» атты ашық сабақ* | *Мергалин Мейрамбек*<br>*Психикалық дамуы тежелген,*<br>*«Сабын қолдар» атты сабақ* |



*Лямина Анастасия*
*Психикалық дамуы тежелген,*
*«Қайық жасаймыз» атты сабақ*



*Даршрнен Ерсолтан*
*Шектелген ақыл – ой кемістігі,*
*«Түрлі – түсті баулар» атты*
*сабақ*

# Марапаттар мен жетістіктер















# Авторлық бағдарламалар



# ЖОБА ТАҚЫРЫБЫ

**ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТҮЗЕТУ КАБИНЕТІ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖАҒДАЙЫНДА БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК – ТҰРМЫСТЫҚ ЖАҒДАЙҒА БЕЙІМДЕУДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТІҢ РӨЛІ**

# Жобаның мақсаты:

***Мүмкіндігі шектеулі бала тұлғасының дамуы үшін жағымды жағдай жасап, әлеуметтік - тұрмыстық бейімделуіне кешенді көмек көрсету.***



# *Жобаның міндеттері:*

- *Жас ерекшеліктерін ескере отырып, мүмкіндігі шектеулі балаларды шешім қабылдай алуға, өзін – өзі қамтамасыз етуге, тәртіп мәдениетіне бейімдеу жолында әлеуметтік  педагогтың шеберлігін шыңдау;*

- *мүмкіндігі шектеулі балаларды қоғамда өмір сүруіне әлеуметтік - тұрмыстық бейімделу іс-шараларын жүзеге асыру;*

- *еңбек және басқа өмірлік дағдыларын қалыптастыруын қамтамасыз ету.*

***Адамның ең маңызды игілігі – жеке басының бостандығы мен құқықтары болып табылады. Бұл құқықтар мен бостандықты қорғау, әлеуметтік қолдау, оны іске асыру механизмдері конституциялық-құқықтық жарықтарда және адам құқығы туралы халықаралық құжаттарда белгіленген.***

***«Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау» туралы Заңның 4 тарауында мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтары бекітілген, нақты ата-аналарының және өзге де заңды өкілдерінің құқықтары мен міндеттері көрсетілген. 15 бап мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдауды кепіл түрде тегін алуға құқығын бекітті.***

***Арнайы педагогиканың дамуының қазіргі кезеңінде дамуында ауытқуы бар балаларға білім беруге ықпал ету мәселесі өте өзекті орынды алуда. Бұл мәселені шешуде әлеуметтік педагогтың орны ерекше. Әлеуметтік педагог – арнайы (түзету) білім беру мекемесінің қызметкері, ол барлық институттардың өкілдері (педагог, психолог, дәрігер, әлеуметтік қызметкерлер, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, еңбек ұжымы және ата-аналар) және басқа да қызығушылық танытқан тұлғалармен тығыз қарым-қатынаста болады. Кез келген қоғамда, даму дәрежесі қаншалықты жоғары болғанына қарамастан әлеуметтік қиындықтар болып тұрады. Әсіресе, біздің еліміз сенімді даму жолына жаңа түсіп, қоғамдық құрылымы бір сипаттан екіншісіне ауысқан өтпелі кезеңде ондай мәселелер көбеймесе, азайған жоқ. Осындай себептердің салдарынан, қазіргі кезде әлеуметтік көмекке мұқтаж болып отырған мүмкіндігі шектеулі балалар күнен күнге көбеюде.***

***Әр мұғалімнің өзіне кішкене ғана болып көрінетін еңбек жолы бар. Әрине, мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп, әлеуметтік тұрмысқа баулуда, ата- ана мейірімімен қатар, мұғалім тарапынан шексіз, мейірімділіктің қажеттілігі бірден айқын болады. Бұл жұмыста да үлкен жауапкершілік, төзімділік, тәжірибе қажет. Осының барлығы ұстаздардың шығармашылық іс тәжірбиелері арқылы қалыптасуда. Жас ұрпақты тәрбиелеу, оның бойындағы туа біткен табиғи мүмкіндіктерін дамыту, бағалау- үлгі көрсету мен талап ету арқылы жауапкершілігін жетілдіруге, ынтымақтастық педагогикасын пайдалану арқылы жеке тұлғаны қалыптастыруға жол ашады.***

***Әр ұстаздың алдына қойған жалпы білім меңгертудегі мақсат, міндеттері бар. Қазіргі озық технология заманында мүмкіндігі шектеулі балаларды заман талабына сай, түрлі әлеуметтік жағдайлардан адаспай, дұрыс жол таба алатын, еңбекқор азамат етіп қалай әзірлеп шығаруға болады деген сұрақ, жұмыс жасап жүрген әрбір ұстазды шығармашылық жұмыстар мен иновациялық технология әдіс - тәсілдерін іздеуге итермелейді. Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік педагогикалық түзету арқылы қолдау дегеніміз тұрмыс - тіршілігіндегі шектелуді жою және оның орнын толтыру үшін жағдай жасауды қамтамасыз ету, оларға басқа азаматтармен бірдей қоғам өміріне қатысу мүмкіндіктерін жасау.***

***Қазіргі уақытта республикалық арнайы түзету мекемелерінде мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдер тәрбиеленуде, осы топқа жататын арнайы мектептерде сырқаттары және басқа себептерге байланысты оқуға мүмкіншіліктері жоқ оқушылардың жалпы орта мектептерде білім алуы қиыншылық туғызады. Осы себепті әлеуметтік тәрбиенің мәселелерін көре білу, сезіну және шешу жолдарын қарастыру, мүмкіндігі шектеулі баланы әлеуметтендіруге қолайлы шарт жасау және қатарға қосу мен тәрбиелеуді жүзеге асыруды міндет етіп алға қою керек. Бұл барлық педагогтардың әсіресе әлеуметтік педагогтің парызы.***

***Егер әлеуметтік педагогикалық үрдісте мүмкіндігі шектеулі балаға алғашқы сәттерде көмек беру үшін оның отбасын, ол өмір сүріп отырған ортасын зерттеп, талдай алсақ, онда баланы өзі өмір сүрген әлеуметтік ортаға араластыру, бейімдеу, әлеуметтендіру мәселелеріне белсенді қатыстыру мүмкіндігі туады. Тек осы жағдайда ғана әлеуметтік педагогикалық үрдісін дұрыс ұйымдастырып, түрлі әлеуметтік кедергілерге қарсы тұра алатын, білімді, мәдениетті, еңбекқор жеке тұлғаны қалыптастыру мүмкін болар еді. Әлеуметтік бейімдеудегі, тәрбиелеудегі кемшіліктерді жеңу үшін ата- аналар мен бірігіп арнайы түзету жұмыстарын ұйымдастыру қажет және оны неғұрлым ерте бастаса соғұрлым әлеуметтік бейімделу де нәтижелі болады.***







# ЖҰМЫСЫМНЫҢ МӘНІ – БАЛАЛАРДЫҢ КҮЛКІСІ








ALLDAY.RU